

ӨНДІРІС ЖӘНЕ ӨНДІРУ

Уран өндірудегі әлемдік көшбасшылық



ЕЛДІҢ ҰЛТТЫҚ ОПЕРАТОРЫ
«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ
(БҰДАН ӘРІ — ҚАЗАТОМӨ-
НЕРКӘСІП) УРАН МЕН ОНЫҢ
ТУЫНДЫЛАРЫН, АТОМ ЭЛЕКТР
СТАНЦИЯЛАРЫ ҮШІН ЯДРОЛЫҚ
ОТЫНДЫ, СОНДАЙ-АҚ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
ЖАБДЫҚТАР МЕН ТЕХНОЛО-
ГИЯЛАРДЫ ЭКСПОРТТАУ МЕН
ИМПОРТТАУДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ДЕҢГЕЙДЕ МАҢЫЗДЫ ОРЫН
АЛАДЫ.

Қазақстан әлемдік көлемнің шамамен 39%-ын қамтамасыз ете отырып, уран өндіру бойынша жаһандық көшбасшы ретінде орнықты.

Қазатомөнеркәсіп әлемдегі табиғи уранның жетекші өндірушісі ретінде ерекшеленеді және аса маңызды ресурстық базалардың біріне басымдықпен қол жеткізе алады. Компания жерасты ұңғымалық шаймалау әдісіне жарамды уран кен орындарын пайдаланады, бұл экономикалық тұрғыдан тиімді және экологиялық тұрғыдан қауіпсіз

өндіру әдісі болып табылады. Бұл өндіруші активтерді пайдаланудың ұзақ мерзімімен қатар, Қазатомөнеркәсіпке уран өндірудің ең төмен құнының арқасында әлемдік нарықта көшбасшы позицияларды сақтап отыруға мүмкіндік береді.

2018 жылдың қараша айынан бастап Қазатомөнеркәсіптің акциялары «Астана» Халықаралық қаржы орталығының қор биржаларында және Лондон қор биржасында белсенді түрде саудаланады.

2023 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	2022	2023
Өндірістік көрсеткіштер, мың тонна:		
Уран өндіру көлемі	21,2	21,1
Уранды өткізу көлемі	16,4	18,1
Қаржылық көрсеткіштер¹⁶, млрд теңге:		
Түсім	1 001,2	1 434,6
Дивидендтер	227,4	200,9
Таза пайда	472,9	580,3
Операциялық пайда	455,9	680,8
Таза қарыз	-32	125,5
Төленген салықтардың көлемі	211	279,3
Тұрақты даму принципі		
Жазатайым оқиғалар	3	4
Жазатайым оқиғалардағы өлім	1	0

2023 жылдың қорытындысы бойынша уранның Қазақстаннан батыс елдеріне барлық жөнелтілімдерінің 64%-ы Транскаспий халықаралық көлік бағыты арқылы сәтті жүзеге асырылды, оны Компания 2018 жылдан бастап балама маршрут ретінде пайдаланады. Бұл Ресей Федерациясы арқылы маршруттың қол жетімсіздігінің ықтимал қаупін жою мақсатында жасалды.

Компания Ресейге қарсы санкциялар жағдайын және олардың дайын өнімді Ресей

Федерациясының аумағы арқылы тасымалдауға ықтимал әсерін бақылауды жалғастыруда. Бүгінгі таңда бүкіл әлем бойынша Компанияның клиенттеріне дайын өнімді жеткізуге байланысты ешқандай шектеулер байқалмайды.

Қазатомөнеркәсіп ағымдағы жағдайды мұқият қадағалайды және тәуекелдерді барынша азайтуға және холдинг қызметінің үздіксіздігі мен тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін шешімдер қабылдауға дайын.



Бір жылдағы таза пайда

580

млрд теңге

Шоғырландырылған сату көлемі

18,069

млн тонна

КОМПАНИЯНЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ТҮСІМІ БІР ЖЫЛ ІШІНДЕ 1,4 ТРЛН ТЕҢГЕДЕН АСТЫ, БҰЛ АЛДЫҢҒЫ ЖЫЛДЫҢ КӨРСЕТКІШІНЕН 43%-ҒА АРТЫҚ, НЕГІЗІНЕН САТУДЫҢ ОРТАША БАҒАСЫНЫҢ ӨСУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ.

ПЕРСПЕКТИВАЛАР

Қазба энергия тасымалдағыштары бағасының көтерілуінен және көмірқышқыл газының шығарындыларын азайту қажеттілігінен туындаған әлемдік энергетикалық дағдарысты ескере отырып, атом энергетикасын елдер тұрақты және экологиялық таза энергия көзі ретінде қарастыруда.

Энергетика секторындағы белсенділіктің артуы және геосаяси жағдаймен қоздырылатын атом станциялары нарығындағы өзгерістер жаһандық өндірушілерді тоқтатылған қуаттарды жаңартуға және жаңа өндірістік қуаттарды іске қосуға ынталандырады.

Осы үрдістерді көрсете отырып, Қазатомөнеркәсіп 2023 жылы уранның спот бағасының оң динамикасының арқасында жақсы нәтижелер көрсетуде. Компанияның шоғырландырылған түсімі бір жыл ішінде 1,4 трлн теңгеден асты, бұл алдыңғы жылдың көрсеткішінен 43%-ға артық, негізінен сатудың орташа бағасының өсуіне байланысты.

Операциялық пайда 681 млрд теңгеге жетіп, 2022 жылмен салыстырғанда 49%-ға ұлғайып, сатудың орташа бағасының өсуін көрсетті. Бір жылдағы таза пайда 580 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 23%-ға артық.

Өндірістік көлемдер өткен жылдың деңгейінде дерлік қалды, 1%-ға қысқарып, 100% негізде 21,112 млн тоннаны құрады. Сонымен қатар, шоғырландырылған сату көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 10%-ға артып, 18,069 млн тоннаға жетті.

Уранның спот бағасының айтарлықтай өсуі сонымен қатар орташа сату бағасының бір килограмм уран үшін 65,344 теңгеге (U₃O₈ фунты үшін 55,09 АҚШ доллары) дейін өсуіне ықпал етті, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 27%-ға жоғары.

¹⁶ 2022 жылғы қаржылық көрсеткіштер Компанияның 2022 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес көрсетілген

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЯДРОЛЫҚ ОТЫНДЫ ЖЕТКІЗУ

2023 жылы «Үлба-ТВС» ЖШС құрамында 130 тоннадан астам төмен байытылған уран бар жылу бөлетін жинақтардың (бұдан әрі — ЖБЖ) төрт партиясын жеткізуді сәтті жүзеге асырды. Барлық жеткізілген ЖБЖ қабылдау бақылауынан өтті және оны ҚХР-дағы атом электр станциясы қабылдады. ЖБЖ зауытының өнімі ҚХР-да CGNPC атом электр станциясы үшін 2040 жылға дейін жеткізілетініне кепілдік беріледі. 2024 жылы жоба жылына 200 тонна төмен байытылған уран көлемінде ЖБЖ дайындау бойынша жобалық қуатқа шығады деп күтілуде.



ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Қазатомөнеркәсіп өз қызметін жүзеге асыру кезінде тұрақты даму мәселелеріне ерекше назар аударады.

2023 жылы Компанияда Компанияның Директорлар Кеңесі бекіткен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2023-2030 жылдарға арналған тұрақты даму саласындағы бағдарламасы әзірленді.

Экологиялық тұрақтылықты ілгерілету шеңберінде «Қазатомөнеркәсіп» «ҰАК» АҚ радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеудің 2023-2030 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілді, ол топтың бірыңғай саясатын және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы орта мерзімді кезеңге кешенді тәсілді айқындайды. 2023 жылдың қазан айында Компанияның Директорлар кеңесі «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Су ресурстарын басқарудың 2023-2030 жылдарға арналған стратегиясын бекітті.

2023 жылғы желтоқсанда Corporate Sustainability Assessment сауалнамасы негізінде S&P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі Қазатомөнеркәсіпті өткен жылғы бағалау деңгейінде бағалады. 2023 жылы Қазатомөнеркәсіп алғаш рет CDP («Carbon Disclosure Project») климаттық рейтингі шеңберінде «Климаттың өзгеруі» («Climate Change») бағыты бойынша деректерді ашып, өзінің алғашқы

1.	2.	3.
ҚОР ТУРАЛЫ	ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР	ҚОР ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ӘЛ-АУҚАТЫ

Компанияның басты басымдықтарының бірі жұмыскерлерінің әл-ауқатына қамқорлық жасау болып табылады. Компания әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге және еңбек ұжымдарында төрт аспект бойынша қолайлы моральдық-психологиялық ахуал құруға бағытталған іс-шаралар кешенін іске асырады: физикалық әл-ауқат және СӨС, менталдық әл-ауқат, қаржылық әл-ауқат, мансаптық және әлеуметтік әл-ауқат.

Қаржылық әл-ауқат шеңберінде, жұмыскерлердің отбасыларын қолдау, жұмыскерлер мен олардың отбасы мүшелерін балалардың тұлғалық дамуы және олардың атом саласына деген қызығушылығы үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы Компанияның құндылықтарын түсінуге тарту мақсатында 2023 жылы «IQanat High School of Burabay» жазғы білім беру лагерьі ұйымдастырылды.

Менталдық әл-ауқатты арттыру мақсатында корпоративтік психологтың жұмысы жүзеге асырылады.

Дене саулығы мен СӨС дамыту шеңберінде «Nomad time» ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстар және Kazatomprom марафоны сияқты ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылды. «Салауатты жүрек күндері» акциясы іске асырылды.

4.	5.	6.
ТҰРАҚТЫ ДАМУ	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	ҚОСЫМШАЛАР


ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК

Қазатомөнеркәсіп үшін өндірістік қауіпсіздік сөзсіз басымдық болды және болып қала береді. Соңғы жылдардағы көрсеткіштер өндірістік жарақаттар санының тұрақты төмендеуін растайды, бұл еңбек жағдайларының үнемі жақсарғанын және қауіпсіздік деңгейінің жоғарылағанын көрсетеді.

Өндіріс ұлттық және халықаралық стандарттарға қатаң сәйкес жүргізіледі, бұл ретте жазатайым оқиғалардың алдын алу жөніндегі шаралар кешенді іске асырылады және барлық қызметкерлер мен басқарушы құрам арасында қауіпсіздік мәдениеті үнемі жетілдіріліп отырады.

2023 жылы қабылданған өндірістік қауіпсіздік шаралары бақыланбайтын жарылыстарды, қауіпті заттардың шығарындыларын немесе Қазатомөнеркәсіп кәсіпорындарындағы ғимараттардың қирауын қоса алғанда, елеулі өнеркәсіптік авариялардың алдын алуға мүмкіндік берді. 2023 жылы Қазатомөнеркәсіп еңбекті қорғау, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі бағдарламаларға 12,47 млрд теңге жұмсап, қауіпсіздікке өз инвестицияларын едәуір ұлғайтты, бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,39 млрд теңгеге артық. Айта кету керек, есепті жылы бұл сома өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шамамен 1,3 млрд теңге көлемінде шығындарды қамтиды.

Қазатомөнеркәсіп қауіпсіздік саласына инвестициясын айтарлықтай арттырды және еңбекті қорғау, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік бағдарламаларына



Өрт қауіпсіздігі шығындары шамамен



2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Қазатомөнеркәсіптің 2024 жылға арналған жоспарлары нарыққа бағдарланған стратегияға сәйкес келеді. Компания өндіруші активтердің көпшілігінің уран өндіру деңгейі жер қойнауын пайдалануға арналған Келісімшарттардың -20% деңгейінде болады деп күтеді және Компания жер қойнауын пайдалануға арналған Келісімшарттарға сәйкес өндіру көлемі бойынша міндеттемелерді бұзу фактілерін болдырмау үшін бар күшін салады. Бірақ жаңадан іске қосылатын кен орындарына/учаскелерге жер қойнауын пайдалану құқығына ие кәсіпорындарда жерүсті кешені мен инфрақұрылымның құрылыс жұмыстарының кешігуіне байланысты келісімшарттық міндеттемелердің өндіру деңгейінің 20%-дан астамына төмендеу қаупі бар.

2024 жылы уран өндіру көлемі 21 000-нан 22 500 тоннаға дейін болады деп күтілуде, ал шоғырландырылған сату көлемі 15 000-нан 16 500 тоннаға дейін болады деп болжануда. Компанияның қаржылық нәтижелеріне логистикалық қиындықтарды, Қазақстан Республикасының салық заңнамасындағы өзгерістерді және әлеуметтік аударымдардағы ықтимал өзгерістерді қоса алғанда, әртүрлі факторлар әсер етуі мүмкін.

2023 жылы Қазатомөнеркәсіп табиғи уранның жетекші әлемдік өндірушісі және жеткізушісі ретіндегі көшбасшылығын растап, халықаралық нарықтағы өз позициясын нығайтып, атом саласын дамытудың ұзақ мерзімді перспективаларын атап өтті. Компанияның стратегиялық басымдықтары өзгеріссіз қалды: Қазатомөнеркәсіп өндірісте және сатуда қатаң нарықтық тәртіпті ұстануды жалғастыруда, бұл барлық мүдделі тараптар үшін пайданы барынша арттыруға және елеулі құндылық жасауға мүмкіндік береді. Қазатомөнеркәсіп өз қызметінің ашықтық, корпоративтік басқару және еңбек пен қоршаған ортаны қорғау сияқты негізгі аспектілерінде ең жоғары халықаралық стандарттарды сақтауға міндеттенеді.

Тау-кен металлургия өнеркәсібі



2009 ЖЫЛЫ НЕГІЗІ ҚАЛАНҒАН «ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ (БҰДАН ӘРІ — ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ) ТІГІНЕН ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН КОМПАНИЯ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ, ОНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТІ — МЕМЛЕКЕТТІҢ ТАУ-КЕН МЕТАЛЛУРГИЯ ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕРІН БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫН КҮШЕЙТУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МИНЕРАЛДЫҚ-ШИКІЗАТ КЕШЕНІН ДАМУЫ.

Алтын өндіру –

52,2

тонна

ЖАҢА ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

2023 жылдың желтоқсанында Директорлар кеңесі Компанияның 2024-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясын мақұлдап, келесі стратегиялық бағыттарды атап өтті:

- Компанияның инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында тау-кен саласын кешенді дамыту.
- Активтердің сапалы портфельін қалыптастыру үшін портфельді тиімді басқару.
- ESG қағидаттарын енгізуге және сақтауға бағытталған тұрақты даму.

1.

ҚОР ТУРАЛЫ

2.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН
ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

3.

ҚОР ҚЫЗМЕТІНІҢ
НӘТИЖЕЛЕРІ

Компания жетекші халықаралық серіктестер мен инновациялық технологияларды тарта отырып, елдің жер қойнауының әлеуетін барынша ашуға ұмтылады. 2023 жылға қарай Тау-Кен Самұрық өзін әлемдік тау-кен аренасында сенімді серіктес ретінде көреді.

2023 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	2022	2023
Өндірістік көрсеткіштер, тонна:		
Алтын өндіру көлемі	55,6	52,2
Күміс өндіру көлемі	8,3	5,2
Алтынды өткізу көлемі	55,6	48,7
Күмісті өткізу көлемі	4,3	9,1
Қаржылық көрсеткіштер¹⁷, млрд теңге:		
Түсім	947	816
Дивидендтер	89	-
Таза пайда	-16,9	-47,3
Шығындар	976	817
Операциялық пайда	1,1	-1,1
Таза қарыз	55	83
Төленген салықтардың көлемі	2,7	1,6
Төленген табыс салығы	1	0,7
Өзге салықтар мен төлемдер	1,7	0,9
Тұрақты даму принципі		
Атмосфераға шығарындылар, тонна	189,9	127,62
Кадеге жаратылған қалдықтардың көлемі, тонна	416	379
Жазатайым оқиғалар	1	0
Жазатайым оқиғалардағы өлім	0	0

2023 жылы Тау-Кен Самұрық қолданыстағы геологиялық барлау, өндіру және металлургия жобаларын іске асыруды жалғастырды. Бұдан басқа, 2023 жылы мемлекеттік органдарда ҚР Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» РММ-ден «Қазгеология» АҚ акцияларының 100% пакетін «Самұрық-Қазына» АҚ-ға кейінен Тау-Кен Самұрыққа берумен тіркеу аяқталды.

«ТАУ-КЕН АЛТЫН» ЖШС-ДЕ 10 ЖЫЛ МІНСІЗ ЖҰМЫС ІСТЕУ

Зауыттың 10 жылдық мерейтойына арналған салтанатты іс-шара 2023 жылдың 13 шілдесінде өтті. «Тау-Кен Алтын» ЖШС аффинаж зауыты (бұдан әрі — Тау-Кен Алтын) аймақ мемлекеттері басшыларының V консультативтік кездесуіне орайластырылған «ЭКСПО Орталық Азия — 2023» көрмесіне қатысты.

Тау-Кен Алтын «Металдар мен қорытпалар. Қазақстан» II Халықаралық металлургиялық саммитіне де қатысты. Онда сала көшбасшылары тәжірибе алмасу және

өнеркәсіпті дамытудың қазіргі заманғы үрдістерін талқылау үшін жиналды. Саммит аясында зауыт өкілдері күмістің вакуумдық дистилляциясы технологиясы туралы, сондай-ақ қолданылатын жабдықтың ерекшеліктері туралы егжей-тегжейлі айтып берді.

Сонымен қатар, Тау-Кен Алтын жыл сайын 15 тоннаға дейін қатты қалдықтарды, соның ішінде қождар мен термиялық өңдеу қалдықтарын өңдеуге қабілетті жаңа өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу цехын іске қосты.

4.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

5.

КОРПОРАТИВТІК
БАСҚАРУ

6.

ҚОСЫМШАЛАР

7.

БАЙЛАНЫС
АҚПАРАТТАРЫ



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ ЖӘНЕ D MINERAL КЕЙІННЕН ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЛИЦЕНЗИЯЛАРЫН АЛУ ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫН ҚҰРУ МАҚСАТЫНДА ПЕРСПЕКТИВАЛЫ АЛАҢДАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ТУРАЛЫ TERMS SHEET-КЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ. ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ СОНЫМЕН ҚАТАР ҚЫТАЙЛЫҚ ZIJIN MINING КОМПАНИЯСЫМЕН ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ.

Бұдан басқа, Тау-Кен Самұрық және Еуропалық қайта құру және даму банкі (бұдан әрі — ЕҚДБ) Еуропалық комиссияның қатысуымен Тау-кен секторын жаңғырту және оның инвестициялық тартымдылығын арттыру жөніндегі күш-жігерді шоғырландыруға бағытталған өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойды.

Тау-Кен Самұрық, Еуропалық комиссия және ЕҚДБ «Шикізат жобаларын техникалық қолдау жөніндегі ниет туралы мәлімдемеге» қол қойды. Брюссельдегі Шикізат апталығына қатысу кезінде қол қойылған осы құжатқа сәйкес, ЕО және ЕҚДБ екі жоба бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге 400 000 еуро көлемінде грант бөледі: Арал теңізінің сорынан литий алу және Жоғарғы Қайрақты вольфрам кен орнын игеру.

¹⁷ 2022 жылғы қаржылық көрсеткіштер Компанияның 2022 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес көрсетілген



ЕЛДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ИНДУСТРИЯЛЫҚ ДАМУЫНА ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛЫ ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ІРІ ЖОБАЛАРҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Discovery Ventures Kazakhstan Ltd (Discovery) компаниясымен ынтымақтастық

2022 жылдан бастап Тау-Кен Самұрық және Discovery Тау-Кен Самұрық 20%, ал Discovery 80% үлесін иелік ететін полиметалл кен орындарын іздеу мақсатында бірлескен геологиялық барлау жобасын жүзеге асыруда. Discovery мыс кендерін барлауға және ресурстарды дамытуға маманданған британиялық East Star Resources PLS компаниясының қазақстандық кіші компаниясы, еншілес ұйымы болып табылады.

2023 жылы тарихи есептер мен 2022 жылғы аэроэлектромагниттік түсірілім нәтижелеріне сәйкес қызығушылық тудыратын учаскелерді одан әрі зерттеу үшін ауқымды камералық жұмыстар жүргізілді. Лицензияланған учаскелерде топырақ сынамаларын алуды және учаскелерді геофизикалық түсіруді қоса алғанда, қосымша геологиялық жұмыстар аяқталды. Жұмыс қорытындысы бойынша үш лицензия бойынша учаскелерді одан әрі зерделеу туралы шешім қабылданды.

2024 жылы бұрғылау жұмыстарын жалғастыру жоспарланған.

Esan Eczacıbaşı Endüstriyel Hammaddeler San. ve Tic. A.Ş. компаниясымен ынтымақтастық (бұдан әрі — Esan)

2022 жылдан бастап Тау-Кен Самұрық және Çalık Holding құрамына кіретін Esan түрік тау-кен компаниясы мыс кен орындарын іздеуге бағытталған бірлескен геологиялық барлау жобасын жүзеге асыруда. Тау-Кен жобасы аясында Самұрық 20% үлеске ие, ал Esan 80% үлеске ие.

2023 жылдың екінші тоқсанында Ақтөбе облысының аумағында бағаналы бұрғылау жұмыстары басталды. «Геологический», «Әулиесай» және «Миляша» лицензиялық учаскелерінде осы учаскелердің келешегін бағалау үшін жалпы көлемі 6 796,3 кума метр болатын 22 ұңғыма бұрғыланды.

2023 жылдың үшінші тоқсанында аномалияларды анықтау мақсатында геофизикалық зерттеулер жұмыстары басталды. «Геологический» және «Миляша» учаскелерінде ұзындығы 33,4 кума километр геофизикалық түсірілім сұлбасы әзірленді.

2023 жылдың қыркүйегінде Компания Ақтөбе облысында барлауға қосымша екі лицензия алды. Сонымен қатар талдау үшін 1087 топырақ сынамасы алынды.

2024 жылға мыс кен орындарын іздеу және жаңа лицензиялар алу бойынша геологиялық барлау жұмыстарын жалғастыру жоспарланған.

Fortescue Metals Group Ltd (Fortescue) компаниясымен ынтымақтастық

2020 жылдан бастап Тау-Кен Самұрық темір кені өнеркәсібіндегі әлемдік көшбасшы Fortescue компаниясымен бірлесіп мыс кен орындарын іздеу мақсатында геологиялық барлау жобасын іске асыруда. Fortescue өндірістің жоғары мәдениеті, инновациясы және әлемдік деңгейдегі инфрақұрылымды дамытуы үшін танылды, әсіресе Батыс Австралиядағы Пилбара тау-кен өнеркәсібінде. Тау-Кен Самұрық жобадағы 20% үлеске ие, дәл сол уақытта Fortescue 80%-ын бақылайды. Бұл жоба айтарлықтай әлеуметтік-экономикалық үлес қосады, соның ішінде жұмыс орындарын құру және салық аударымдары.

2023 жылы келесі геологиялық барлау жұмыстары жалғасты:

- «Жезді-1,2,3» лицензиялары бойынша барлау туралы тарихи есептерді цифрландыру және талдау, кейіннен орындар бойынша дерекқорды құру.
- 2021-2022 жылдардағы бұрғылау жұмыстарының нәтижелері бойынша алынған деректердің корреляциясын тексеру.
- Тарихи есептерді талдау және алынған далалық деректерді түсіндіру, сондай-ақ бұрғылау ұңғымалары бойынша дерекқорды нақтылау.

2024 жылға мыс кен орындарын іздеу бойынша геологиялық барлау жұмыстарын жалғастыру жоспарланған.

2023 ЖЫЛДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ESG БАСТАМАЛАРЫ

2023 жылғы желтоқсанда Компанияның 2024-2033 жылдарға арналған Даму стратегиясы бекітілді, оның ішінде маңызды мақсат — ESG қағидаттарын енгізу. Стратегияның негізгі міндеті — таза көміртегі ізін 10% төмендету және экологиялық таза, энергияны үнемдейтін және төмен көміртекті жобаларды жүзеге асыруға ықпал ететін тиісті ESG рейтингін алу.

Сонымен қатар, сол айда кадрлық басқару жүйесіне ішкі аудит жүргізілді. Компания тарихында алғаш рет 2022 жылғы жылдық есеп үшін тұрақты даму көрсеткіштерін верификациядан өткізу рәсімі орындалды. Өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесі әзірленді және ESG рейтингін алу үшін жол картасы жасалды.

2023 жылдың қазан айында Тау-Кен Алтында өзінің қатты өндірістік қалдықтарын қайта өңдеу цехы сәтті іске қосылды. Сондай-ақ, осы кәсіпорында экология және еңбекті қорғау салаларындағы бизнес-процестер автоматтандырылып, «Aspans қауіпсіз өндірісі» цифрлық платформасы енгізілді.

Сонымен қатар, Компания өзінің бизнес-процестерін халықаралық стандартқа сәйкес келтірумен белсенді айналысты, бұл ISO 37001:2016 — парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесі сертификатын алумен расталады. 2023 жылы Компанияның бизнесті адал және жауапкершілікпен жүргізу қағидаттарына берілгендігін көрсететін Іскерлік этика кодексі бойынша оқыту жүргізілді.

ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛ-АУҚАТ

Еншілес ұйымдардың Бақылау Кеңестеріндегі әйелдердің үлесі 30%-ға дейін ұлғайтылды. Тау-Кен Самұрық пен Халықаралық бағдарламалар орталығы арасында Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Құжат тау-кен компаниясының кадрлық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған бірлескен қызметті реттейді.

«ШалқияЦинк ЛТД» АҚ өндірістік алаңында шахтадағы өртті оқшаулау және жою, сондай-ақ қызметкерді жер бетіне шұғыл эвакуациялау бойынша оқу-жаттығулар өткізілді. Оқу-жаттығу барысында төтенше жағдайлар туындаған жағдайда авариялық-құтқару қызметтері мен қызметкерлердің бірлескен іс-қимыл алгоритмдері тексерілді. Оқу-жаттығу сабағына «ШалқияЦинк» және мердігер ұйымдардың: «КЭАҚҚ РОШ» ЖШС, «Kingka Mining Construction» ЖШС, «Sherif-H» ЖШС авариялық-құтқару қызметінің филиалдарының қызметкерлері, сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдардың, Тау-Кен Самұрық және «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері қатысты.

Тау-Кен Самұрық компаниялар тобының Жастар істері жөніндегі кеңесі құрылды. 2023 жылдың қазан айында Компания тобының Жас мамандар кеңесінің бірінші форумы өтті, оның шеңберінде салынып жатқан өндірістерді кадрлармен қамтамасыз ету, жас қызметкерлердің мүдделеріне өкілдік ету, жастардың компаниялар басшылығымен өзара іс-қимылы, сондай-ақ «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ кеніші шахтасының бірінші горизонтындағы кеншілердің жұмысымен танысу сияқты жастар саясатының өзекті мәселелері талқыланды. «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ бас маркшейдері Қасымхан Тілеубеков «Үздік маман» байқауының финалисті деп жарияланды.

2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

- Жазатайым оқиғалардың алдын алу жөніндегі проактивті құралдарды дамыту және енгізу;
- Бәсекелестік ортаға беру шеңберінде «Тау-Кен Темір» ЖШС және «Silicon mining» ЖШС иеліктен шығару жөніндегі мәмілені аяқтау;
- Тазартылған алтын өндіру көлемін орындау;
- Тау-кен секторындағы жобаларды іске асыру үшін серіктестерді тарту;
- Геологиялық барлау жобаларын іске асыру;
- Компанияның 2024-2025 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру жөніндегі жол картасын орындау;
- 2025 жылы ESG рейтингін алу бойынша бірыңғай жол картасында көзделген іс-шараларды орындау.